

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым  
министрлігі**

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

пән атауы

**КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ**

тақырыбы: **«Жылжымалы құрамдардың  
ағымы»**

А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік»  
кафедрасының профессоры: Балғабеков Төлеу  
Күнжолұлы

## *Дәрістің жоспары:*

1. Көліктің айналым қаржысы.
2. Пойыздар мен құрамдарды құрудың негізгі жоспары.
3. Жылжымалы құрамдағы мұқтаждықты анықтау.

# Мәтін бойынша

- Жаңа ақпараттық технологияны енгізілуі мәліметтік стандарттардың бірігіуінің негізінде өзара байланысты және аралық буынды таратуға ықпал ететін мәліметтік ортаның қолданушыларға ыңғайлы және қолайлы жағдай туғызды. Бұл жағдайлар көліктік логистика үшін үлкен ғылыми-практикалық маңызға ие болды.
- Ақпараттық технология – бұл мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау, өткізу және пайдаланудың әдістері мен тәсілдерінің жүйесі.

# Мәліметтермен электронды алмасулар

- Мәліметтермен электронды алмасулар. Стандарттар. EDI концепциясы – «мәліметтерді электронды алмасу» қазіргі телекоммуникация мен мәліметтердің стандартты пішінін қолдану арқылы пайдаланушымен компьютерленген мәліметтерді алмасуларды білдіреді.
- Тиімділіктің жоғарылауы мәліметтерді енгізуде қателердің қысқартылуы мен қағаз құжаттарының санын азайтуда мәліметтерді тез беру мен өңдеудің есебінен қол жеткізіледі.

# Тасымалдаудың көптеген түрі

- Материалды шығындар мен еңбек шығынын азайту көздерінің ортасынан келесілерді бөліп көрсетуге болады:
  - құжаттарды басу;
  - құжаттарды пошта арқылы жөнелту;
  - қағаз құжаттарының айналымының процедурасы;
  - әр түрлі шығындар (өзара әрекеттілік шығыны).

# Көліктік мәліметтер құжаттарының мысалдары

«Мәлімет» атауы	Экспорт	Импорт
Ауа көлігі бойынша мәлімет	Есепті жіберу бойынша хабарландыру	Тапсырыс тауарының келуі туралы құжат
	Тиеу туралы талон	Қою туралы талон
	Тиеу құжаты	Шоттар
	Манифест	Импорт тізімі
Автожүк мәліметі	Тиеу талоны	Тапсырыс тауарының келуі туралы құжат
	Нұсқама ведомосы	Қою туралы талон
Жүктің орнымен байланысты құжаттар	Тапсырыс тауарын алу туралы куәлік	Қоймадан шығару туралы есеп
Қайта жіберу құжаттары	Жіберу туралы хабарлама	Кедендік декларация
	Топтау бойынша жинақтық ведомость	Қайта жіберу мәліметі
	Қайта жіберу бойынша EDI жүйесінің файлы	Тиеу тізімі
	Тиеу тізімі	«Кедендік жүк» операциясы

# Ақпараттық стандарттар анықталады:

- құрылымдармен;
- құжаттар форматымен;
- ақпараттарды жіберудің алғышарттары;
- трансакциондық кодтардың нысандары.
- Аса көп қолданылатын коммуникациондық стандарттар:
  - ASC X.12 (X.12 стандарттардың американдық комитеті бойынша стандарты);
  - UN/EDIFACT (ISO (стандарттау жүйесі бойынша халықаралық ұйым) – 9735 синтаксистік ереже халықаралық стандартына және ISO – 7372 сауда мәліметтерінің элементтерін халықаралық стандартымен негізделеді).

# Қазақстанның көлік кешені

- Қазіргі электрондық, коммуникациялық, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделген халықаралық көлік дәліздерінің қызметі саласындағы транзиттік тасымалды кешенді бақылау қажет. Логистикалық қызмет көрсету орталықтарында қозғалыс туралы on line режимінде және жоспарланған маршруттардың кестесі шегінде қозғалысты тәртіпке келтіруге қабілетті транзиттік тасымалдау жағдайындағы шарттар мен өзгерістер туралы алдын ала толық әрі шынайы ақпараттың болуын қамтамасыз ету аса маңызды.



- Батыста логистика көлік саласында ондаған жылдар бойы табысты қолданылып келеді. Осы уақыт аралығында тасымалдаудың жалпы шығындарын мүмкіндігінше төмендету, оңтайландыру, логистикалық қызметтердің экономикалық тиімділігін арттыру, оны ақпараттық және технологиялық қамтамасыз етуге бағытталған тәсілдемелер жан – жақты қарастырылып келеді.

- Шет елдік нарықтарда логистикалық және басқа да қызметтердің жаңа, кешенді түрлерін ұсынатын фирмалардың қызметі үлкен сұранысқа ие. Оларға, мысалы, аутсорсинг – өндіргіш-кәсіпорындарды өніммен қамтамасыз ету, өткізумен байланысты бірқатар әрекеттерден босататын қызмет түрі жатады. Осымен байланысты көліктік логистикалық, әсіресе мультимодалды тізбектерді ойластыру мен жетілдірудің маңызы арта түседі.

- Логистикалық менеджмент құралдарын және нақты теориялық аппаратты тәжірибеде қолдануға алғаш сұраныс білдірген Қазақстан темір жолы саласындағы өзгерістер логистиканың ғылыми әдістемесіне және тәжірибелік әдістеріне деген сұраныстың туындауына дәл келді. Қазақстан темір жолы саласын қайта құрылымдау және оның бөлімдерін коммерцияландыру барысында материалдық – техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру да өзгере бастады. Нақты айтсақ, табиғи монополия субъектісінің тендерлік нарықтық негізде өндірістік қажеттіліктер үшін материалдық қорларды, жабдықтарды сатып алу тәртібі, тасымалдау қызметі салаларын коммерцияландыру көлемі өзгерді.

- Теміржол саласын әрі қарай қайта құрылымдаудың теоретикалық- тәжірибелік мәселелерінің белгілі бір дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан, көлік логистикасын дамыту проблемалары анағұрлым терең экономикалық талдауды, ғылыми жалпылау мен жүйелеуді қажет етеді. Дамыған елдердің темір жол көлігін дамыту мен қайта құру тәжірибесін, сонымен қатар Қазақстандағы жаңартулар мен өзгерістер тәжірибесін пайдалана отырып, темір жол тасымалы технологиясын басқарудың логистикалық жүйесін дамытуға ықпал ететін ғылыми-теориялық әдістемесін тереңдету қажет.

- Республиканың әлемдік көлік жүйесіне интеграциялану жағдайындағы көлік логистикасын дамыту тұжырымдамасы қарастырылған, көліктік-логистикалық жүйелерді дамытудың халықаралық тәжірибесі ескеріліп, транзиттік темір жол тасымалдаулары жүйесіндегі көліктік-логистикалық орталықтарды ұйымдастырудың теориялық негіздемесі жасалған.
- Соңғы жылдары компаниялардың материалдық және тауарлық, көлік ағындарын жүйелі басқару бағытындағы логистикалық әдістеменің теориялық қағидалары негізіндегі зерттеулерге ерекше назар аударылуда.

- Шетелдік экономикалық тәжірибедегі негізгі тұжырымдамалар мен логистикалық модельдердің дамуы оны терең зерттеуді, талдауды, ғылыми тұрғыдан жалпылауды және Қазақстанда тиімді көлік-логистикалық кешенін құруда ұтымды қолдануды талап етті. Логистиканың тұжырымдамалық ерекшеліктері өндірістік-шаруашылық қызметті басқарудағы өзіндік бағыты бар әрекеттер жиынтығы арқылы көрінеді.
- Көлік логистикасы тұтынушылардың төлеуге қабілетті сұранысын қанағаттандыру, тауар өндірушілердің пайда түсіру мақсатындағы тауарлар мен қызмет көрсетулерді тарату және алмастыру барысындағы көліктік жеткізулерді ұйымдастырумен ұқсастырылады.

- Әртекті ағындық-тарату процестерінің (материалдық, қаржылық, ақпараттық процестер, олардың үйлесімі) қандай да бір циклының теориялық моделі көлік логистикасы теориясының қалыптасуында маңызды роль атқарады. «Логистика» термині шикізатты сатып алу сәтінен бастап дайын өнімді көлікпен тұтынушыға жеткізумен аяқталатын құралдарды стратегиялық пайдалануға толық жауапты болатын менеджментті білдіреді. Көлікпен тасымалдау және жеткізушілермен, клиенттермен өзара әрекеттесу уақытының қысқаруы көлік логистикасының нәтижесі болып табылады.

- Жиынтық шығындар тұжырымдамасы көлік ағындары логистикасының шығындарды азайтуды көздейтін бағыттарын пайдаланады. Тұжырымдамаға сәйкес, көлік ағындарының бөлінуі өнімді өндіру пунктiнен тағайындалған пунктке тасымалдау (сақтау) барысындағы шығындарды (клиенттерге қызмет көрсетудің белгілі деңгейіне сәйкес) азайтады. Жеткізушілерден өнімді алу және тауарды тұтынушыға жеткізуде бір көлік құралдарын пайдалану мен үйлестіру логистикалық жүйенің сенімділігін арттырады, көлікпен жеткізу талаптарын уақытылы орындалуына мүмкіндік береді. Көліктік материалдық ағындар көлік логистикасының басты объектісі болып табылады (1-кесте).



- Материалдық ағындарды құрайтын материалдық қорлар шектеулі, сондықтан олардың тиімді қоймалануы, өндіріске жеткізілуі көлік логистикасының маңызды мәселесі болып табылады. Темір жолмен транзитті тасымалданатын материалдық ағындардың қозғалысын үйлестіру және тиімді біріктіру мәселесі орталықтандырылған жедел басқарудың, өндірісті көліктік-логистикалық орталықтармен қамтамасыз ету, реттеу мен бақылау процестерінің икемді жүйесін құруды қарастырады. Тасымалдау бойынша логистикалық шешімдерді қабылдауда тасымалдаушыны (бірнеше тасымалдаушыны) дұрыс таңдау аса маңызды мәселенің бірі. Әдетте ол жүк иесінің тұрақты іскерлік қатынастары бар көлік-экспедициялық фирманың логистикалық менеджеріне тапсырылады.

# Көлік логистикасы элементтерінің өзара әрекеттесуінің құрылымдық пішімі

Көлік логистикасы
Негізгі объект
біріктірілген көліктік - материалдық ағындар (қоймалау, тиеу, жеткізу, үлестіріп - тарату)
Негізгі міндет
Сұраныстың, тасымалдау тарифтерінің, жаңа технологиялар, тасымалдау жүйелері мен құралдарының өзгеруі есебімен жеткізуші - кәсіпорындардың, тұтынушы - компаниялардың көліктік, қойма және экспедиторлық бөлімдерінің сұраныстарын қанағаттандыру
Негізгі кешенді қызмет
Көліктік-логистикалық орталықтарды қауіпсіз жағдайда және жинақталған аз шығындар негізінде белгілі уақыт қалпында тасымалдауды жоспарлау, ұйымдастыруды үйлестіру және тиімді біріктіру
Көліктік-логистикалық орталық
Мультимодалды қамтамасыз етуші фактор
Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (максималды таза пайда, тасымалдау қауіпсіздігі және уақыт үнемділігі)
Жалпы пайдаланымдағы бірнеше көлік түрлерін пайдалану, меншікті жалпы пайдаланымдағы қоймаларды, терминалдарды, контейнерлерді, қызмет көрсетудің инновациялық технологияларын пайдалану

Көліктік-логистикалық орталықтарды құрудың стратегиялық  
басымдылықтары мен нәтижелері

Көліктік-логистикалық орталықтарды енгізудің  
стратегиялық басымдылықтары

Шикізат пен дайын өнімді тасымалдауды тиімді  
ұйымдастыру арқылы қазақстандық өнімнің  
көліктік құрамдасын төмендету

Республиканың транзиттік қабілетін тиімді  
пайдалану

Экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру

Көліктік-логистикалық орталықтарды енгізудің  
стратегиялық нәтижелері

# Мұнда пайдалылық:

- мемлекеттің транзиттік тартымдылығын дамуы;
- логистикалық қызметті дамыту және жүкпен қамтамасыз ету деңгейінің артуы;
- көлеңкелі экономика деңгейінің және контрабандалық жүктер көлемінің азаюы;
- аймақ бюджеті табысының ұлғаюы;
- қажетті тауарлар жеткізілімінің меншікті құрамдасының артуы;
- аймақтық экономика қуатының және тартымдылығының артуы;
- көлік қуатын және көлік инфрақұрылымын кеңінен пайдалану;
- шағын және орташа көліктік-экспедиторлық кәсіпорындардың кооперациясы және ортақ логистикалық тұжырымдамаға бірігуі;
- жүк ағындары мен жүк тасымалын табиғатты сақтаушы көлік құралдарына (қала ішінде қозғалуға арналған жүк автомобильдері, темір жолдар) ауыстырылуы;
- қала ішіндегі көлік жүктемесін төмендеуі;
- жер телімдерін үнемдеу және тиімді пайдалану.

ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!